

**Министерство образования и науки Российской Федерации
Министерство образования и науки Самарской области
НИЦ «Поволжская научная корпорация»**

**«НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ:
ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ
ПОДХОДЫ И ПРАКТИЧЕСКИЕ
РЕЗУЛЬТАТЫ»**

**Сборник статей
международной научно-практической конференции
НИЦ «Поволжская научная корпорация»
(от 18 мая 2018 г.)**



2018

УДК 00(082)
ББК 20; 60
Н34

Редакционная коллегия: д.соц.н., профессор **Р.Р. Галлямов**, д.п.н., профессор **М.Л. Ньюшенкова**, к.и.н., доцент **А.А. Бельцер**, к.э.н., с.н.с. **Ю.А. Кузнецова**, к.э.н., доцент **О.А. Подкопаев** (отв. редактор).

Рецензенты:

Галиев Гали Талхиевич – доктор социологических наук, профессор, директор Института дополнительного образования Уфимского государственного университета экономики и сервиса (г. Уфа)

Овчинников Юрий Дмитриевич – доцент кафедры биохимии, биомеханики и естественно-научных дисциплин ФГБОУ ВО «Кубанский государственный университет физической культуры, спорта и туризма», кандидат технических наук, доцент (г. Краснодар)

Н34 Научные исследования: теоретико-методологические подходы и практические результаты: сборник статей международной научно-практической конференции НИЦ ПНК от 18 мая 2018 г. / [Ред. кол.: Р.Р. Галлямов, М.Л. Ньюшенкова, А.А. Бельцер, Ю.А. Кузнецова, О.А. Подкопаев]. – Самара : ООО НИЦ «Поволжская научная корпорация», 2018. – 110 с.

Сборник содержит материалы международной научно-практической конференции НИЦ «ПНК» от 18 мая 2018 г.: «Научные исследования: теоретико-методологические подходы и практические результаты». Авторами материалов конференции предлагаются научно-обоснованные теоретико-методологические подходы и даются конкретные рекомендации, предназначенные для решения актуальных вопросов в сфере науки и образования.

Материалы публикуются в авторской редакции. За содержание и достоверность статей ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов статей. Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение законов об интеллектуальной собственности несут авторы публикуемых материалов. При использовании и заимствовании материалов ссылка на издание обязательна.

Сборник материалов конференции размещён в научной электронной библиотеке elibrary.ru (без индексации в РИНЦ) по договору № 2622-09/2015К от 28 сентября 2015 г.

ISBN 978-5-6040741-8-3

© Авторы статей, 2018
© ООО НИЦ «Поволжская научная корпорация», 2018

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ	5
Зданович С.А., Бойко А.Б. Спортивный туризм и его влияние на развитие физических качеств человека	5
Курбиева К.О., Куренбаева Б.Т., Абдимананова П.Б., Мажит Ж.Б. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесіндегі маңызы	9
Яковлева В.С. Всероссийский студенческий корпус спасателей	12
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ	15
Габдулина Ю.Р., Окунева Г.П. Рекомендации по переводу с русского языка на английский тем дипломных работ по специальности «теплоэнергетика» (часть 2)	15
Габдулина Ю.Р., Окунева Г.П. Рекомендации по переводу с русского языка на английский тем дипломных работ в области инженерной кибернетики	19
СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ	22
Королев Н.П. Свобода распространения информации или интернет-пиратство?	22
Олейников А.А., Алещенков В.А. Идеологические основания стратегического вакуума: конституционный кризис в России	24
Санцевич С.В. Здоровье населения как показатель состояния окружающей среды Республики Беларусь	27
Штенцель В.В. Способы блокировки интернет-рекламы	32
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ	36
Алещенков В.А. Деструктивный характер экономической системы в России: к вопросу об анклавном характере экономики России	36
Андреева Е.Д. Анализ влияния инфляционных процессов на финансовую деятельность организации	40
Бойко А.Б., Старкова И.И. Значение экотуризма в современном мире (на примере Республики Бурятия)	43
Евсин И.А. Определение понятия стратегий развития организации социально-культурной сферы в условиях рыночной экономики	47

Курбиева К.О., аға оқытушы

Куренбаева Б.Т., аға оқытушы

Абдиманапова П.Б., аға оқытушы

Мажит Ж.Б., аға оқытушы

Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесіндегі маңызы

Қазіргі кездегі ақпараттық - технологиялардың жүйелі түрде білім беруін жетілдірілуі мен жаңартудағы рөлі туралы мәселе соңғы уақытта маңызды болып табылады. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты ақпараттық технология - ғаламтор желісіне шығу мүмкіндігі болатын компьютерлерді толық игеру кезіндегі негізгі мәселе болады. Компьютерлендіру мен ғаламтор желісін игеруде білім беру жүйесінің бағдарламасын нақты іске асыру үшін білім беру жүйесін техникалық тұрғыда жабдықтап қана қоймай, ұйымдастырушылар мен педагогтардың білімін де осы бағытта жетілдіру қажет.

Ақпараттандыру жағдайында білімгерлер меңгеруге тиісті білім, іскерлік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Жоғары оқу орындарында білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін жетілдіру мен тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- білімгерлердің тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- оқытушылардың ақпараттық-қатынастық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби іскерліктерін жетілдіру;

- білімгерлердің білім, іскерлік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалануға үйрету;

- жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Қазіргі кезде білім саласында ақпараттық технологияны пайдаланудың нәтижелі және белсенді түрде дамып келе жатқан бағыттарын бөліп көрсетуге болады, олар:

- басқару құралы, оқыту құралы, ақпаратты өңдеу құралы, зерттеу объектісі, қатынас құралы ретінде берілген бағдарламалардың мүмкіндіктерін іске асыру.

- ақпаратты - бағдарламалық кешен құру кезінде оқу құралдарының өзара байланысына қажетті сенсорика мүмкіндіктерін біріктіру. Ол өз кезегінде оқытудың зерттеу әдісін кеңінен енгізуге, интеллектуалдық потенциалын, шығрамашылықтық қабілетін дамытуға, ғылым негіздерін меңгеру үрдістерін белсендіруге мүмкіндік береді, яғни білімгер білім алуда қажет болатын заңдылықтарды өз бетімен «аша алады».

- бейнекомпьютерлік жүйе мен мультимедиа жүйесін құру кезінде ақпаратты тасымалдаудың түрлі құралдары мен компьютер мүмкіндіктерін біріктіру. Бұл жүйелер ақпараттық – бағдарлама құралдар кешенін құрайды, яғни әр түрлі ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік береді және компьютерді қолданушы мен жүйенің арасында интерактивті сұхбатты жүзеге асырады.

Мақсаттары мен міндеттеріне қарай компьютерлік оқыту бағдарламаларын көрнекілік, кеңес беруші, тренажер-бағдарламалар, оқытып бақылау бағдарламалары, операциялық орталар деп бөлуге болады.

Сондықтан, ақпараттық технологияны білім жүйесінде пайдалану оқытудың психологиялық және дидактикалық теорияларының ережесіне сүйене іске асуы керек. Қалай десек те, ақпараттық-қатынастық технология оқытудың мақсатына (оқу, кәсіби іс-әрекет, даму) жетуге арналған құрал.

Білім беруде ақпараттық-қатынастық технологияның барлық мүмкіндіктерін интеграциялау білімгерлердің өзіне және өз біліміне қатысты

танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологиялар:

- оқытуды тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді, өйткені, сезімдік қабылдаудың барлық түрлерін іске қосуға мультимедиа функциясы толық жағдай жасап отыр;

- білімгерлерді саралап оқытуға мүмкіндік туындайды;

- тұрғылықты мекеніне қарамастан, білім алушылардың барлық топтарын бірдей оқытуға болады.

Сонымен, білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіру керек. Ол өз кезегінде төмендегідей оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру, яғни оқытуды белгілі бір авторлық бағдарлама бойынша жүргізу;

- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз ету, компьютер арқылы әрбір білімгер өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;

- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі.–Түркістан. -2008 – 44 б.

2. Ниязова Г.Ж. Студенттердің ақпараттық мәдениеттерін жетілдіру мәселелері. Информатика негіздері. 2007. - №2. –Б.2-5. (Авторлық бірлестікте К.М.Беркімбаев, М.П.Мейірбеков).